

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әуежайлық қызмет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесінің қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 24 сәуірде № 32353 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 15 шілдедегі № 828 бұйрығымен.

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 15.07.2025 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Құштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 24-бабының 2-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әуежайлық қызмет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесінің қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Әуе қорғанысы құштерінің бас қолбасшысы:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрі  
2023 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 366 бұйрықпен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әуежайлық қызмет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесінің қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әуежайлық қызмет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесінің қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік авиация әуеайлағында әуежайлық қызмет саласында қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану тәртібін айқындаиды.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) болып табылады, оның қызмет мәні әуежайлық қызмет саласында қызметтерді көрсету болып табылады.

3. Мекеме әуежайлық қызмет саласында қызметтерді көрсету процесінде оның экипажымен әуе кемелерін, жолаушыларды, багажды, жүктөрді және поштаны қабылдауды, жөнелтуді және оған қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, осы мақсаттар үшін меншік құқығында немесе басқа да занды негіздерде қажетті құрылыштары мен жабдығы, арнайы даярланған жеке құрамы бар.

4. Мекеме өз күшімен не шарттық негізде тиісті мамандарды (ұйымдарды) тарта отырып, әуе кемелеріне қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, әуеайлақты пайдалануды жүзеге асырады.

### 2-тaraу. Қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану тәртібі

5. Жеке және занды тұлғаларға әуежайлық қызмет саласындағы қызметтерді көрсету Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес шарттық негізде жүзеге асырылады.

6. Мекеме Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 3 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген Әуежай қызметінің құрамына әуеайлаққа және жерде қызмет көрсету тауарлары, жұмыстары, қызметтері тізбесіне сәйкес

әуежайлық қызмет саласында қызметтерді көрсету кезінде ақылы негізде қызмет түрлерін жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 10.10.2024 № 1163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

7. Ақша қаражатын қабылдау қолма-қол ақшасыз есеп айырысумен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштері Әуе қорғанысы қүштері бас қолбасшысының басқармасы" (бұдан әрі – КР ҚК ӘҚК БҚБ) республикалық мемлекеттік мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотына (бұдан әрі – ақылы көрсетілетін қызметтің ҚБШ-сы) аудару арқылы жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде өткізуден түсेतін ақша ҚР ҚК ӘҚК БҚБ иелігінде қалады, ақылы көрсетілетін қызметтердің ҚБШ-сына аударылады және "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес жұмсалады.

9. ҚР ҚК ӘҚК БҚБ өз иелігінде қалатын көрсетілетін қызметтерді өткізуден алынатын ақша есебінен операцияларды жүргізу үшін жыл сайын ақша түсімі мен шығысы жоспарын жасайды, түсіндірме жазбаны және негізделген есептерді қоса бере отырып, үш данада бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бекітуге ұсынады.

10. Ақылы көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсेतін қаражат:

- 1) әуеайлақты жөндеу үшін құрылым материалдарын сатып алуға;
- 2) ұшуды жерүсті қамтамасыз ету және радиотехникалық қамтамасыз ету құралдары техникасын сатып алуға;
- 3) әуеайлақ техникасын жөндеу және радиотехникалық қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;
- 4) әуеайлаққа арналған тауар-материалдық құндылықтарды сатып алуға;
- 5) әуеайлақты күтіп-ұстаяу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;
- 6) қызметтерді көрсетуге тартылатын мамандардың енбегіне ақы төлеуге;
- 7) оқытып-үйрету семинарларын, тренингтерді, конференцияларды өткізуге, сондай-ақ мамандардың біліктілігін арттыруға;
- 8) банк қызметтерін төлеуге;
- 9) іссапар шығысын төлеуге;
- 10) өкілдік шығысты төлеуге жұмсалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК